Докторант Оспанова Гүлмария Тұрысбекқызының «6D021400-Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін үсынған «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі этномәдени құндылықтар көрінісі» атты диссертациялық зерттеу жұмысына берілген отандық кеңесшінің

ПІКІРІ

XXI ғасыр – технология мен ғылымның озған заманы. Жаңа ғасыр адамзат жаны жай тауып, бақытқа кенелуіне қажетті бар мүмкіндікті молынан беріп отыр. Бірақ, материалдық жағынан қамтамасыз етсе де, адам болмысына қажет рухани құндылықты ысырып тастағандай.

Бұл кез адам ойының мың сан тарапқа құбылатын кезеңіне айналды. Адамзат экзистенциалдық күй кешуде. Рухани дертке ұшырады десек те артық болмас. Жаңа заман тудырған әралуан құндылық әлемі ашылып, түркі халықтарының ежелден келе жатқан рухани құндылықтары аяқасты болып, ескінің сарқыншағы сияқты көрінді. Осындай рухани ахуалдан құтқаратын дүние – мәдени құндылықтар. Ежелгі қисса-дастандар мен ауыз әдебиеті үлгілерінен бастау алған, ұлттық жадыны сақтап келе жатқан қазақ әдебиетіндегі этномәдени құндылықтар – адам жанын ізгілікке толтыратын рухани қазынаға айналып отыр.

Осыған орай, қазіргі қазақ прозасында көрініс тапқан этномәдени құндылықтардың қоғам өміріндегі ролін ашып таныту өте маңызды. Осы тұрғыда Гүлмария Тұрысбекқызының ғылыми-зерттеу еңбегінің өзектілігі дау тудырмайды деп есептеймін.

Зерттеу жұмысында көтерілген тағы бір мәселе – қазіргі қазақ әдебиетінің басталу жылы. Әдебиетшілер тарапынан кезеңдеу мәселесі бойынша «Қазіргі қазақ әдебиетін» қай жылдан бастаған дұрыс деген пікірталас туындап жатады.

Тәуелсіздік қазақ әдебиетінде жаңа тақырыптарды игеруге, ұлттық рухтың жаңғыруына жол ашты. Қазіргі қазақ әдебиетінің өзіндік ерекшелігі – көркем мазмұн мен форма, бағыт-бағдары, идеялық концептуалдық тұрғыда да жаңарып, толысуында. Сондықтан ғылыми жұмыстың зерттеу обьектісі 1991 жылдан бастап жарық көрген әңгімелер болды.

Диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Ізденуші әр тарау бойынша ой қорытып, өз тұжырымдарын ұсынған.

«Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі этномәдени құндылықтар өрісінің тарихи бастаулары» атты тарауында қазіргі қазақ әңгімесіндегі этномәдени құндылықтардың көркемдік жүйе түзу мәселесі мен этномәдени құндылықтар ұғымының тарихы концептуалды тұрғыда қарастырылып, жекелеген пайымдаулар жасалған. Бірінші, екінші бөлімшілерде этномәдени құндылық

ұғымына қатысты келтірілген теориялық тұжырымдары үшінші бөлімде кеңірек Шерхан Мұртаза әңгімелері бойынша талданып, ғылыми тұрғыда негізделген.

«Қазіргі әңгімедегі этномәдени құндылықтардың ұлттық сипаты» атты тарау үш бөлімше арқылы ашылған. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі этномәдени құндылықтардың көркемдік шешімі қазіргі әлемдік әдеби үдерістердің озық шығармашылық тәжірибесін сіңіре отырып, таза ұлттық бірегейлік түптамырынан ажырамағандығы және қазақ әңгімелерінде ұлтшылдық нышандар батыл көрініс тапқан жаңа көркемдік беталыстар түзгендігі айқындалған.

Гүлмария Тұрысбекқызының «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі этномәдени құндылықтар көрінісі» атты зерттеу жұмысының мазмұны қазақ әдебиетіндегі әңгімелердегі этномәдени құндылықтар көрінісін кешенді қарастырудан тұрады. Бұл ретте осынау қадамның кеңестік дәуірдің өзінде көрініс беріп, тәуелсіздік жылдарда қанат жайғаны тиянақталған. Сонымен бірге, осы орайдағы жаңашыл бағыт-бағдарды және ұлттық қаламгерлерді таныту мұрат етілген.

Жұмыс барысында диссертанттың көп ізденгені, тақырыпты терең меңгеруге тырысқаны, өзіндік байлам жасауға ұмтылғаны байқалады. Отандық және шетел әдебиетіндегі теориялық зерттеу еңбектерді салыстыру арқылы қазақ әдебиетіндегі этномәдени құндылықтарды мәтін мазмұнына сіңірудегі қаламгерлік мұрат, жазу тәсілдері әдеби бағыттың жүйесін анықтауға қол жеткізген.

Ізденуші зерттеуге қажетті әдебиеттерді, ғылыми туындыларды барынша жеткілікті қарастырып, сондағы жетекші ойларды басшылыққа ала білген. Ш. Мұртаза, Қ. Жұмаділ, А.Алтай, Б. Нұржекеұлы, Т. Нұрмағамбетов, т.б. шығармалары талданып, ондағы көркемдік тәсілдерді, авторлық ізденістерді, этномәдени құндылықтарды көркемдік шешімге тартудағы көркем тәсілдер қызметін айқындаған.

Еңбектің жаңалығы этномәдени құндылықтарды мәтін мазмұнына сіңірудегі қаламгерлік мұрат, жазу тәсілдері алғаш рет зерттеліп, жүйеленді. Сондай-ақ, әңгіме жанрын жан-жақты қарастырып, жүйелі түсінік қалыптастыруын айтуға болады.

Докторант Г.Т.Оспанова зерттеу жұмысының негізгі мазмұны бойынша ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы Жоғары аттестаттау комитеті бекіткен ғылыми журналдар мен шетелдік басылымдарда мақалалар жариялап, баяндамалар жасаған. Диссертацияның негізгі тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануы жеткілікті.

Осы айтылған пікірлерді ескере отырып, диссертация авторы Гүлмария Тұрысбекқызы «6D021400 - Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық деп есептеймін.

Зерттеу жұмысы екі тараудан құрылғанымен, көлемі талапқа сай, ғылыми тұрғыда белгілі бір тақырыптық, мазмұндық жүйеде аша білген. Осы сала бойынша алғашқы зерттеу жұмысы ретінде әрі өзіндік жаңалығы бар «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі этномәдени құндылықтар көрінісі» атты диссертациялық жұмысты диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынуға негіз бар.

Отандық кеңесшісі,
филология ғылымдарының кандидаты **А.Ш.Асқарова**

Қолын куәландырамын
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАДР ҚЫЗМЕТІ
«29» 02 2024 г.